

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің және оның облыстық аумақтық инспекцияларының ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 18-5/520 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 шілдеде № 11594 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 04 сәуірдегі № 145 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.04.2017 № 145 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.09.2016 № 408 бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.09.2016 № 408 бұйрығымен.

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Алматы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі

комитетінің Атырау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Жамбыл облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қарағанды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Маңғыстау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Павлодар облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясы туралы ереже;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.09.2016 № 408 бұйрығымен.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің және оның облыстық аумақтық инспекцияларының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 10 қазандағы № 20-04/518 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9810 болып тіркелген, 2014 жылғы 30 қазандағы № 212 (28435), 2014 жылғы 5 қарашадағы № 216 (28439) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті және оның облыстық аумақтық инспекциялары осы бұйрықты іске асыру бойынша барлық қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 5 маусымдағы
№ 18-5/520 бұйрығына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) құзыреті шегінде орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында стратегиялық, атқарушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомство және мемлекеттік орган болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы Министрлікке ведомстволық бағынысты заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитеттің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болды.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің заңды орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ерженің 1 және 2 қосымшаларына сәйкес Комитеттің қарамағындағы аумақтық бөлімшелерінің тізбесіне және Комитеттің бағынысты ұйымдарының

тізбесіне жататын Комитеттің аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ бағынысты ұйымдары бар.

11. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсе алмайды.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістерді әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Міндеттері: орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында стратегиялық, атқарушылық және бақылау функцияларын орындау.

Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген құзыреті шегінде мемлекеттік орман қорын иелену мен пайдалануды жүзеге асырады;

2) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органдарын, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарын үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстарды әзірлеуге және оны іске асыруға қатысады;

4) орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандардың өсімін молайту және орман өсіру, орман селекциясы және орман тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми-техникалық даму бағыттарын айқындайды, ғылыми-зерттеулер және жобалау-іздігіру жұмыстарын ұйымдастырады;

5) орман қорын күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, өзінің функционалдық қарамағындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау

ұйымдары басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша есебін тыңдайды;

7) ормандарды орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының, екпелердің табиғи, антропогендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден қурап-солып қалуының пайда болуының, таралуының алдын алу, олардың есебін жүргізу мен болжаудың дәлдігі жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

8) кеспеағаштардың бөлінуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

9) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату мен ағаш кесу қағидаларының, орман пайдаланудың өзге де қағидаларының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

10) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарындағы күзет режимдерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

11) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман тұқымдарының аудандастырылуына, орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларының сақталуына, питомниктер шаруашылығының жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

12) орман қоры жерлерінің олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуын және осы жерлердің қорғалуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

13) құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникацияларды тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

15) құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттар береді;

16) аңшы куәлігін беру жөніндегі есептіліктің нысанын белгілейді;

17) бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды жүзеге асырады, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды ұйымдастырады;

18) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды жүргізуге, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар береді;

19) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеулер мен жобалау-іздірету жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

20) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;

21) ғылыми ұсынымдар негізінде балықтардың болмай қоймайтын қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті жою мүмкін болмаған жағдайларда балықтарды мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдайды;

22) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

23) су жинау құрылыстарына балықтарды қорғау құрылғыларын орналастыруды келіседі;

24) зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, интернет-ресурста орналастырады және тоқсан сайын жаңартады;

25) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін әзірлейді;

26) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, және будандастыруды жүзеге асыру тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

27) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын айқындау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;

28) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

29) аң, балық шаруашылығын жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

30) аңшылық және балық аулау қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

31) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

32) жануарларды еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұстау тәртібінің , сондай-ақ зоологиялық коллекциялардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады ;

33) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

34) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының бұзылуы анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушының қызметін тоқтата тұрады немесе қызметіне тыйым салу туралы ұсыныс енгізеді;

35) жеке және заңды тұлғалардың аңшылық және балық шаруашылығын жүргізу шартының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асырады;

36) жануарлар дүниесін пайдалануға белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

37) өзінің қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, экологиялық дәліздерді құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобаларын әзірлеуді және оларды бекітуді ұйымдастырады;

38) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

39) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізеді;

40) өзінің қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқаруды, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің жүргізілуін қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

41) орман орналастыру жобаларын бекітеді;

42) мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемдерін бекітеді;

43) орман тұқымдарын аудандастыруды бекітеді;

44) заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына кіретін су объектілерінде балық аулау көлемдерін бекітеді;

45) заңды тұлға мәртебесі бар республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекітеді;

46) табиғат қорғау ұйымының рәміздерін (эмблемасы мен туын), сондай-ақ табиғат қорғау мекемесінің рәміздерін (эмблемасы мен туын) әзірлеу және пайдалану тәртібін бекітеді;

47) өзінің қарамағындағы табиғат қорғау мекемелерінің ережелерін бекітеді;

48) мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі есептік кеспеағаштарды игеруді және ағаштың кесілетін жасын белгілеуді қамтамасыз етеді және бекітеді;

49) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді бекітеді;

50) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді келіседі;

51) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген санатқа жатқызылған түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсаттар береді;

52) өздеріне туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің учаскелерін құрылыс объектілерін салуға пайдалануға жеке және заңды тұлғаларға рұқсаттар береді;

53) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде биологиялық негіздеменің негізінде заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан су объектілерінде әуесқой (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу мақсатында аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыруға рұқсат береді;

54) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемаларын, аумақтарды дамытудың өңіраралық схемаларын, қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын және экологиялық дәліздердің аумақтарын қозғайтын өзге де қала құрылысы құжаттамаларын келісімдеуді жүзеге асырады;

55) өздерінің қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйі, оларды күзету, қорғау, пайдалану және қаржыландыру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың есептерін қарайды;

56) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ғылыми қызметті ұйымдастырады;

57) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуін, қорғалуын және пайдаланылуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

58) "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде белгіленген жағдайларда ғана республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру жөнінде өз құзыреті шегінде ұсыныстар енгізеді;

59) мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың және орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізуді қамтамасыз етеді;

60) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама береді;

61) биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде, пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде жүргізген балық шаруашылығы мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді келіседі;

62) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер әзірлейтін техникалық-экономикалық негіздемені және жобалау-сметалық құжаттаманы келіседі;

63) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде қозғалтқыштары қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруін келіседі;

64) балық шаруашылығы су айдындарының резервтік қорында және (немесе) учаскелерінде және аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесінің өсімін молайту мен мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

65) статистикалық әдіснаманы әзірлеу мен қалыптастыруға уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қатысады;

66) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен стандарттау бойынша техникалық регламенттер әзірлеу, нормативтік құжаттарды өзекті ету және біріздендіру туралы ұсыныстар дайындайды және енгізеді;

67) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер, сәйкестікті растау органдарын және сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімдер жөнінде зертханалар құру бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

68) стандарттар мен өзге де құжаттар әзірлеу жөніндегі жоспарларды әзірлеу мен іске асыруды және оларды халықаралық нормалармен және талаптармен үндестіруді жүзеге асырады;

69) техникалық регламенттердің және олармен өзара байланысты стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдауды жүзеге асырады;

70) техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

71) үкіметтік емес стандарттар әзірлеуге қатысуды жүзеге асырады;

72) үкіметтік емес стандарттар базасында ұлттық стандарттар әзірлеу бастамашылығын жүзеге асырады;

73) республикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысаны мен мақсаттарын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) айқындау бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

74) "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

75) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланушылар әзірлейтін өртке қарсы іс-шаралар жоспарларына қойылатын талаптарды айқындайды;

76) ағаштардың қурау және құрып кету қатері төнген кезде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесуге тыйым салу туралы шешім қабылдайды;

77) республикалық және жергілікті маңызы бар табиғи қаумалдар мен республикалық маңызы бар мемлекеттік қорықтық аймақтарды тарату және олардың аумағын азайту тәртібін әзірлейді;

78) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу туралы шешім қабылдайды, тиісті ғылыми ұйымдар берген, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуге тиіс биологиялық негіздеменің негізінде оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілейді;

79) орман пайдаланушыларға орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар, аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары, жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген өзінің қарамағындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде құрылыс объектілерін салуға учаскелерді береді және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат береді;

80) Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық мөлшерлемелер әзірлейді;

81) мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің туристік және рекреациялық қызметтерді жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген учаскелерін құрылыс объектілерін салуға пайдалануға рұқсат береді;

82) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпаратты ұсынады;

83) орман қорының жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуына, ормандардың молықтырылуы мен орманның өсірілуіне тексерулер арқылы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

84) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ өзінің қарауындағы ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына

қауіп төндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

85) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік және атқарушы органдары өкілдерінің қатысуымен өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізеді;

86) Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін күзету, өсімін молайту және пайдалану және ерекше күзетілетін табиғи аумақтар саласындағы заңнамалары саласындағы өкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

87) халықаралық шарттарды іске асыруды қоса алғанда, орман қатынастары, жануарлар дүниесін күзету, өсімін молайту және пайдалану, ерекше күзетілетін табиғи аумақтар саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

88) екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан халықаралық және республикалық маңызы бар су айдындарының балық шаруашылығы учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс өткізеді;

89) жануарлар дүниесін күзету, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

90) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орман шаруашылығымен және ерекше күзетілетін табиғи аумақтармен айналысатын жергілікті атқарушы органдарына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

91) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын әуесқой және спорттық балық аулау үшін пайдалануды келіседі;

92) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, салалық жұмыс берушілер бірлестіктерімен және салалық жұмыскерлер бірлестіктерімен бірлесіп, кәсіби стандарттар әзірлеуге қатысады.

15. Қомитеттің құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты және материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

2) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Комитет төрағасы жүзеге асырады.

17. Комитетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын төраға басқарады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттігі:

1) өзінің құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

2) Министрліктің басшылығына Комитеттің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстар береді;

3) Комитет төрағасының орынбасарларынан, аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарларын басқа, Комитет қызметкерлерін, ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

4) Министрліктің Жауапты хатшысына аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы, сондай-ақ оларды ынталандыру және тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы ұсынымдар енгізеді;

5) Өзінің орынбасарларын, Комитет қызметкерлерін, аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарларын, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларының міндеттері мен өкілеттігін белгілейді және бекітеді;

6) өзінің құзыреті шегінде Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасауға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауаптылықта болады;

7) Комитет төрағасының орынбасарларынан басқа, Комитет қызметкерлерін, ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын ынталандырады және оларға тәртіптік жаза қолданады;

8) белгіленген заңнамалық тәртіпте Комитет төрағасының орынбасарларынан және аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарларынан басқа, Комитет қызметкерлерін, ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларына іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, ынталандыру, үстемақы мен сыйақы төлеу мәселелерін шешеді;

9) Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларының және басшы орынбасарларының демалыстарын беру мәселелерін шешеді;

10) Комитеттің аумақтық бөлімшелердің басшылары болмаған уақытта оның өкілеттіктерін уақытша орындау басшы орынбасарына немесе Комитеттің аумақтық бөлімшелердің басқа қызметкеріне жүктейді;

11) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін, сондай-ақ өзінің құзіреті шегінде Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының құрылтай құжаттарын бекітеді;

12) Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының құрылымын бекітеді және штаттық кестесіне келісім береді;

13) реттелетін салада мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар тұжырымдайды;

14) аумақтық бөлімшелердің Комитетпен өзара іс-қимыл жасау құзыреті мен тәртібін айқындайды;

15) аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының актілерінің қолданылуын жояды не толық немесе ішінара тоқтатады;

16) мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда сенімхатсыз Комитеттің өкілі болады;

17) Қазақстан Республикасының заңдарына және Президентінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Төраға болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Комитеттің мүлкі

20. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығара алмайды немесе оған өзгедей тәсілмен билік ете алмайды.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және жою

23. Комитетті қайта ұйымдастыру және жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің
қарамағындағы аумақтық бөлімшелерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Алматы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Атырау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

6. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Жамбыл облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

7. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қарағанды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

8. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман

шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Маңғыстау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

11. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

12. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Павлодар облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

13. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

14. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігінің
Орман шаруашылығы және жануарлар
дүниесі комитеті туралы ережеге
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің бағынысты ұйымдарының тізбесі

1. Республикалық мемлекеттік мекемелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Алматы мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Алтын Емел" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ертіс орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Семей орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

11. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ақжайық" мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

12. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

13. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

14. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

15. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қазақ мемлекеттік республикалық орман тұқымы мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

16. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

17. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

18. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Катон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

19. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

20. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

21. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

22. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

23. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

24. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

25. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Көлсай көлдері" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

26. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

27. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Бұйратау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

28. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Алтын дала" мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қазақ ормандарды авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Охотзоопром" ӨБ" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Республикалық орман селекциялық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Майбалық балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Петропавл балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қамыстыбас балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

10. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

11. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

12. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Жасыл аймақ" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

13. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қазақ мемлекеттік орман шаруашылығын жобалау жөніндегі жобалау-іздістіру институты (Қазгипроорманшар)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 5 маусымдағы
№ 18-5/520 бұйрығына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің
Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі
аумақтық инспекциясы туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Инспекция) орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында атқарушылық және бақылау функцияларын орындауға уәкілетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Инспекция Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының, "Көкшетау" және "Бұйратау" мемлекеттік ұлттық табиғи парктерінің, Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығының, шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жасыл аймақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының, "Астана орманы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметіне және Шығыс мемлекеттік зоологиялық табиғи қамалының қорғалуына және Ақмола облысы әкімшілік шекарасының шегіндегі барлық балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде (су қорғау белдеуі мен аймағын, жағалау жиегін және санитарлық қорғау аймағын қоса алғанда) бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға уәкілетті.

2. Инспекция өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Инспекция мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы Комитетке ведомстволық бағынысты заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Инспекция азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Инспекцияның егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болады.

6. Инспекция өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Инспекция басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

17) орман қоры жерлерінің олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуын және осы жерлердің қорғалуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

18) құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникацияларды тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын айқындау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;

20) балық шаруашылығы су айдындарының резервтік қорында және (немесе) учаскелерінде және аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесінің өсімін молайту мен мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

21) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеулер мен жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

22) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;

23) зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, интернет-ресурста орналастырады және тоқсан сайын жаңартады;

24) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама береді;

25) халықаралық шарттарды іске асыруды қоса алғанда, орман қатынастары, жануарлар дүниесін күзету, өсімін молайту және пайдалану, ерекше күзетілетін табиғи аумақтар саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

26) бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды жүзеге асырады, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды ұйымдастырады;

27) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, және будандастыруды жүзеге асыру тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

28) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

29) аң, балық шаруашылығын жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

30) аңшылық және балық аулау қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

31) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

32) жануарларды еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұстау тәртібінің , сондай-ақ зоологиялық коллекциялардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады ;

33) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

34) жеке және заңды тұлғалардың аң және балық шаруашылығын жүргізу шартының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асырады;

35) жануарлар дүниесін пайдалануға белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

36) жануарлар дүниесін күзету, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

37) су жинау құрылыстарына балықтарды қорғау құрылғыларын орналастыруды келіседі;

38) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде қозғалтқыштары қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруін келіседі;

39) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер әзірлейтін техникалық-экономикалық негіздемені және жобалау-сметалық құжаттаманы келіседі;

40) биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде жүргізген балық шаруашылығы мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді келіседі;

41) ғылыми ұсынымдар негізінде балықтардың болмай қоймайтын қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті жою мүмкін болмаған жағдайларда балықтарды мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдайды;

42) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін әзірлейді;

43) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының бұзылуы анықталған кезде

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушының қызметін тоқтата тұрады немесе қызметіне тыйым салу туралы ұсыныс енгізеді;

44) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсаттар береді.

14. Инспекцияның құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты және материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

2) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Инспекцияның қызметін ұйымдастыру

15. Инспекцияны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын басшы басқарады.

Басшының Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары (лары) болады.

16. Басшы Инспекцияның жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Инспекцияға жүктелген міндеттердің орындалуын және оның өз функцияларын жүзеге асыруын, сондай-ақ шығыс құжаттарының сапасы мен уақтылығын, сондай-ақ республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуына жеке жауапкершілікте болады

17. Осы мақсаттарда басшы:

1) орынбасарларынан басқа, Инспекция қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) Инспекция қызметкерлерінің, Инспекцияның құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Инспекция қызметкерлерін ынталандырады және оларға тәртіптік жазалар қолданады, сондай-ақ Комитет төрағасына өз орынбасарларын ынталандыру және оларға тәртіптік жазалар қолдану туралы ұсыным береді;

4) өзінің құзіреті шегінде Инспекцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға бағытталған шаралар қолданады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қолданылуына жеке жауапкершілікте болады.

5) бұйрықтарға қол қояды;

6) Инспекцияның құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін және қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін бекітеді;

7) мемлекеттік органдарда, өзге ұйымдарда сенімхатсыз Инспекцияның өкілі болады.

18. Инспекция басшысы болмаған жағдайда Инспекция басшысының өкілеттігі Комитет төрағасының бұйрығымен басшы орынбасарына, ол болмаған жағдайда Инспекцияның басқа қызметкеріне жүктеледі.

4. Инспекцияның мүлкі

19. Инспекцияның заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Инспекцияның мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады, негізгі және айналым құрал-жабдықтарынан, сондай-ақ құны инспекция балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

20. Инспекцияға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Инспекцияның өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығара алмайды немесе оған өзгедей тәсілмен билік ете алмайды.

5. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және жою

22. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 5 маусымдағы
№ 18-5/520 бұйрығына
14-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы"

республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Инспекция) орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында атқарушылық және бақылау функцияларын орындауға уәкілетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Инспекция "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қызметін, күзіреті шегінде Мамлют және Смирнов мемлекеттік зоологиялық табиғи қаумалдарының және Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілік шекарасының шегіндегі барлық балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде (су қорғау белдеуі мен аймағын, жағалау жиегін және санитарлық қорғау аймағын қоса алғанда) қорғалуын да бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ үйлестіруді жүзеге асыруға уәкілетті.

2. Инспекция өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Инспекция мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы Комитетке ведомстволық бағынысты заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Инспекция азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Инспекцияның егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болады.

6. Инспекция өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Инспекция басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Инспекцияның құрылымы және штат санын Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің жалпы саны шегінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрімен келісім бойынша бекітеді.

8. Инспекцияның заңды орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 150008, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, К. Сүтішев көшесі, 58.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі

комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі

10. Осы Ереже Инспекцияның құрылтай құжаты болып табылады.

11. Инспекцияның қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Инспекцияға кәсіпкерлік субъектілерімен Инспекцияның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсе алмайды.

Егер Инспекцияға заңнамалық актілермен кірістерді әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Инспекцияның негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері: орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында атқарушылық және бақылау функцияларын орындау.

Функциялар:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстарды әзірлеуге және оны іске асыруға қатысады;

3) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органдарын, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарын үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері жөніндегі есебін тыңдайды;

5) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ өзінің қарауындағы ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына

қауіп төндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

6) Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше күзетілетін табиғи аумақтар саласындағы заңнамалары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

7) аумақтық бөлімшелермен келісе отырып, облыстардың жергілікті атқарушы органдары жасаған есептеулер негізінде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін ставкаларды қоспағанда) бекітеді;

8) ормандарды орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының, екпелердің табиғи, антропогендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден қурап-солып қалуының пайда болуының, таралуының алдын алу, олардың есебін жүргізу мен болжаудың дәлдігі жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

9) орман қорындағы сандық және сапалық өзгерістерге, оның санитариялық жай-күйіне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды тексерулер арқылы жүзеге асырады;

10) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын орман пайдалануға беру тәртібіне және ұзақ мерзімді орман пайдалану шарттарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды тексерулер арқылы жүзеге асырады;

11) ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының, орман өрттерінің алдын алу жөніндегі, оларды уақтылы байқауды және жоюды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуына, сондай-ақ өртендер алқаптарын есепке алудың дәлме-дәлдігіне және мемлекеттік орман қорына өрттен келтірілген залалды анықтауға, орман өрттерінің салдарларын жою жөнінде қолданылған шаралардың уақтылығына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды тексерулер арқылы жүзеге асырады;

12) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

13) кеспеағаштардың бөлінуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

14) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату мен ағаш кесу қағидаларының, орман пайдаланудың өзге де қағидаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

15) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарындағы күзет режимдерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

16) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман тұқымдарының аудандастырылуына, орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларының сақталуына, питомниктер шаруашылығының жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

17) орман қоры жерлерінің олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуын және осы жерлердің қорғалуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

18) құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникацияларды тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын айқындау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;

20) балық шаруашылығы су айдындарының резервтік қорында және (немесе) учаскелерінде және аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесінің өсімін молайту мен мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

21) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеулер мен жобалау-іздірету жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

22) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;

23) зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, интернет-ресурста орналастырады және тоқсан сайын жаңартады;

24) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама береді;

25) халықаралық шарттарды іске асыруды қоса алғанда, орман қатынастары, жануарлар дүниесін күзету, өсімін молайту және пайдалану, ерекше күзетілетін табиғи аумақтар саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

26) бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды жүзеге асырады, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды ұйымдастырады;

27) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, және будандастыруды жүзеге асыру тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

28) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

29) аң, балық шаруашылығын жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

30) аңшылық және балық аулау қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

31) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

32) жануарларды еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұстау тәртібінің , сондай-ақ зоологиялық коллекциялардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады ;

33) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

34) жеке және заңды тұлғалардың аң және балық шаруашылығын жүргізу шартының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асырады;

35) жануарлар дүниесін пайдалануға белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

36) жануарлар дүниесін күзету, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

37) су жинау құрылыстарына балықтарды қорғау құрылғыларын орналастыруды келіседі;

38) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде қозғалтқыштары қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруін келіседі;

39) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер әзірлейтін техникалық-экономикалық негіздемені және жобалау-сметалық құжаттаманы келіседі;

40) биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде жүргізген балық шаруашылығы мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді келіседі;

41) ғылыми ұсынымдар негізінде балықтардың болмай қоймайтын қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу

жолымен мұндай қауіпті жою мүмкін болмаған жағдайларда балықтарды мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдайды;

42) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін әзірлейді;

43) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының бұзылуы анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушының қызметін тоқтата тұрады немесе қызметіне тыйым салу туралы ұсыныс енгізеді;

44) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсаттар береді.

14. Инспекцияның құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты және материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

2) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Инспекцияның қызметін ұйымдастыру

15. Инспекцияны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын басшы басқарады.

Басшының Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары (лары) болады.

16. Басшы Инспекцияның жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Инспекцияға жүктелген міндеттердің орындалуын және оның өз функцияларын жүзеге асыруын, сондай-ақ шығыс құжаттарының сапасы мен уақтылығын, сондай-ақ республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуына жеке жауапкершілікте болады

17. Осы мақсаттарда басшы:

1) орынбасарларынан басқа, Инспекция қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) Инспекция қызметкерлерінің, Инспекцияның құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен Инспекция қызметкерлерін ынталандырады және оларға тәртіптік жазалар қолданады, сондай-ақ Комитет төрағасына өз орынбасарларын ынталандыру және оларға тәртіптік жазалар қолдану туралы ұсыным береді;

4) өзінің құзіреті шегінде Инспекцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға бағытталған шаралар қолданады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қолданылуына жеке жауапкершілікте болады.

5) бұйрықтарға қол қояды;

6) Инспекцияның құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін және қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін бекітеді;

7) мемлекеттік органдарда, өзге ұйымдарда сенімхатсыз Инспекцияның өкілі болады.

18. Инспекция басшысы болмаған жағдайда Инспекция басшысының өкілеттігі Комитет төрағасының бұйрығымен басшы орынбасарына, ол болмаған жағдайда Инспекцияның басқа қызметкеріне жүктеледі.

4. Инспекцияның мүлкі

19. Инспекцияның заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Инспекцияның мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады, негізгі және айналым құрал-жабдықтарынан, сондай-ақ құны инспекция балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

20. Инспекцияға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Инспекцияның өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығара алмайды немесе оған өзгедей тәсілмен билік ете алмайды.

5. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және жою

22. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 5 маусымдағы
№ 18-5/520 бұйрығына
15-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің
Шығыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және**

жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Инспекция) орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында атқарушылық және бақылау функцияларын орындауға уәкілетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Инспекция Батыс Алтай және Марқакөл мемлекеттік табиғи қорықтарының, Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің, "Семей орманы" мемлекеттік орман табиғи резерватының және Алтай ботаникалық бағының және Шығыс Қазақстан облысы әкімшілік шекарасының шегіндегі барлық балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде (су қорғау белдеуі мен аймағын, жағалау жиегін және санитарлық қорғау аймағын қоса алғанда) қызметін бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ үйлестіруді жүзеге асыруға уәкілетті.

2. Инспекция өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Инспекция мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы Комитетке ведомстволық бағынысты заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Инспекция азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Инспекцияның егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болады.

6. Инспекция өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Инспекция басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Инспекцияның құрылымы және штат санын Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің жалпы саны шегінде Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрімен келісім бойынша бекітеді.

8. Инспекцияның заңды орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 070004, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Мызы көшесі 2/1.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Инспекцияның құрылтай құжаты болып табылады.

11. Инспекцияның қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Инспекцияға кәсіпкерлік субъектілерімен Инспекцияның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсе алмайды.

Егер Инспекцияға заңнамалық актілермен кірістерді әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Инспекцияның негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері: орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында атқарушылық және бақылау функцияларын орындау.

Функциялар:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстарды әзірлеуге және оны іске асыруға қатысады;

3) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органдарын, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарын үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау

ұйымдары басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері жөніндегі есебін тыңдайды;

5) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ өзінің қарауындағы ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

6) Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше күзетілетін табиғи аумақтар саласындағы заңнамалары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

7) аумақтық бөлімшелермен келісе отырып, облыстардың жергілікті атқарушы органдары жасаған есептеулер негізінде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін ставкаларды қоспағанда) бекітеді;

8) ормандарды орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының, екпелердің табиғи, антропогендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден қурап-солып қалуының пайда болуының, таралуының алдын алу, олардың есебін жүргізу мен болжаудың дәлдігі жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

9) орман қорындағы сандық және сапалық өзгерістерге, оның санитариялық жай-күйіне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды тексерулер арқылы жүзеге асырады;

10) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын орман пайдалануға беру тәртібіне және ұзақ мерзімді орман пайдалану шарттарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды тексерулер арқылы жүзеге асырады;

11) ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының, орман өрттерінің алдын алу жөніндегі, оларды уақтылы байқауды және жоюды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуына, сондай-ақ өртендер алқаптарын есепке алудың дәлме-дәлдігіне және мемлекеттік орман қорына өрттен келтірілген залалды анықтауға, орман өрттерінің салдарларын жою жөнінде қолданылған шаралардың уақтылығына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды тексерулер арқылы жүзеге асырады;

12) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

- 13) кеспеағаштардың бөлінуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 14) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату мен ағаш кесу қағидаларының, орман пайдаланудың өзге де қағидаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 15) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарындағы күзет режимдерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 16) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман тұқымдарының аудандастырылуына, орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларының сақталуына, питомниктер шаруашылығының жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 17) орман қоры жерлерінің олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуын және осы жерлердің қорғалуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 18) құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникацияларды тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 19) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын айқындау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;
- 20) балық шаруашылығы су айдындарының резервтік қорында және (немесе) учаскелерінде және аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесінің өсімін молайту мен мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;
- 21) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеулер мен жобалау-іздірету жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;
- 22) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;
- 23) зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, интернет-ресурста орналастырады және тоқсан сайын жаңартады;
- 24) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама береді;
- 25) халықаралық шарттарды іске асыруды қоса алғанда, орман қатынастары, жануарлар дүниесін күзету, өсімін молайту және пайдалану, ерекше күзетілетін табиғи аумақтар саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

26) бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды жүзеге асырады, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды ұйымдастырады;

27) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, және будандастыруды жүзеге асыру тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

28) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

29) аң, балық шаруашылығын жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

30) аңшылық және балық аулау қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

31) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

32) жануарларды еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұстау тәртібінің, сондай-ақ зоологиялық коллекциялардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады ;

33) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

34) жеке және заңды тұлғалардың аң және балық шаруашылығын жүргізу шартының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асырады;

35) жануарлар дүниесін пайдалануға белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

36) жануарлар дүниесін күзету, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

37) су жинау құрылыстарына балықтарды қорғау құрылғыларын орналастыруды келіседі;

38) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде қозғалтқыштары қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруін келіседі;

39) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер әзірлейтін техникалық-экономикалық негіздемені және жобалау-сметалық құжаттаманы келіседі;

40) биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде пайдаланушылар

арнайы пайдалану кезінде жүргізген балық шаруашылығы мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді келіседі;

41) ғылыми ұсынымдар негізінде балықтардың болмай қоймайтын қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті жою мүмкін болмаған жағдайларда балықтарды мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдайды;

42) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін әзірлейді;

43) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының бұзылуы анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушының қызметін тоқтата тұрады немесе қызметіне тыйым салу туралы ұсыныс енгізеді;

44) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсаттар береді.

14. Инспекцияның құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты және материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

2) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Инспекцияның қызметін ұйымдастыру

15. Инспекцияны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын басшы басқарады.

Басшының Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары (лары) болады.

16. Басшы Инспекцияның жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Инспекцияға жүктелген міндеттердің орындалуын және оның өз функцияларын жүзеге асыруын, сондай-ақ шығыс құжаттарының сапасы мен уақтылығын, сондай-ақ республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуына жеке жауапкершілікте болады

17. Осы мақсаттарда басшы:

1) орынбасарларынан басқа, Инспекция қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) Инспекция қызметкерлерінің, Инспекцияның құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Инспекция қызметкерлерін ынталандырады және оларға тәртіптік жазалар қолданады, сондай-ақ Комитет төрағасына өз орынбасарларын ынталандыру және оларға тәртіптік жазалар қолдану туралы ұсыным береді;

4) өзінің құзіреті шегінде Инспекцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға бағытталған шаралар қолданады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қолданылуына жеке жауапкершілікте болады.

5) бұйрықтарға қол қояды;

6) Инспекцияның құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін және қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін бекітеді;

7) мемлекеттік органдарда, өзге ұйымдарда сенімхатсыз Инспекцияның өкілі болады.

18. Инспекция басшысы болмаған жағдайда Инспекция басшысының өкілеттігі Комитет төрағасының бұйрығымен басшы орынбасарына, ол болмаған жағдайда Инспекцияның басқа қызметкеріне жүктеледі.

4. Инспекцияның мүлкі

19. Инспекцияның заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Инспекцияның мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады, негізгі және айналым құрал-жабдықтарынан, сондай-ақ құны инспекция балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

20. Инспекцияға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Инспекцияның өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығара алмайды немесе оған өзгедей тәсілмен билік ете алмайды.

5. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және жою

22. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

